

Г.М. Жантелеуова\*, <sup>1</sup>Ш.Ш. Турмаханбетова, А.Б.Майдырова

*Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Астана, Қазақстан*

*(e-mail: \*zhanteleuova@mail.ru, <sup>1</sup>shakenss@mail.ru)*

## Экономиканың дамуындағы әлеуметтік кәсіпкерліктің рөлі мен функциялары

**Аңдатпа.** Экономика саласындағы заманауи зерттеулерде әлеуметтік кәсіпкерлік белсенді зерттелетін салалардың бірі болып табылады. Бұл мақалада әлеуметтік кәсіпкерлік тұжырымдамасы, мәні және Қазақстандағы әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытудың негізгі алғышарттарына талдаулар берілген. Мақалада Қазақстандағы әлеуметтік кәсіпорындардың ерекшеліктері мен сипаттамалары қарастырылған. Мақаланың негізгі мақсаты – Қазақстандағы әлеуметтік кәсіпкерліктің дамуын нақты мысалдармен талдай отырып, оның экономиканы дамытудағы маңыздылығын айқындау. Осы саланың ел экономикасына тигізетін рөлі мен оны жетілдіруге қажетті факторларды анықтау.

Әлеуметтік кәсіпкерлік - құндылықтары бағалайтын тұрақты және инклюзивті кәсіпкерлікті алға жылжыту үшін, ресурстарды дұрыс пайдалануды қамтиды. Сондықтан, әлеуметтік кәсіпкерлік тұжырымдамасы әлі де толық зерттелмегендіктен, осы сала терең зерттеуді қажет етеді. Әлеуметтік кәсіпкерліктің дәстүрлі кәсіпкерліктен ерекшелендіретін негізгі факторлары - бұл кәсіпкерлердің экономикалық ресурстарды пайдалу мен әлеуметтік мүмкіндіктерді шешуі, ол - жаңашыл және заманауи жағдайларға бейімделген. Әлеуметтік кәсіпкерлікті терең зерттеу оның экономикалық рөлі мен стратегиялық міндеттерін анықтауды қажет етеді. Әлеуметтік кәсіпкерліктің мәні және оның қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуындағы рөлі өте зор, сондай-ақ осы салада қолайлы бизнес-климатты құру қажеттілігімен анықталады. Талдау нәтижесінде әлеуметтік кәсіпкерліктің негізгі ұғымдары нақтыланып, Қазақстандағы әлеуметтік кәсіпкерліктің белгілері, ерекшеліктері, рөлі айқындалып, функцияларына талдау жасалған.

**Түйін сөздер:** әлеуметтік кәсіпкерлік, әлеуметтік мақсаттар, қоғамның осал топтары, әлеуметтік кәсіпкерлік санаттары.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2789-4320-2023-4-18-36>

**Кіріспе.** Әлеуметтік кәсіпкерлік Қазақстан экономикасында жуырда пайда болған сектор болып табылады. «Әлеуметтік кәсіпкерліктің» негізгі анықтамасы бойынша сұрақтар әлі толық ашылмай тұр. Әлемдік сарапшылар «әлеуметтік кәсіпкерлік» ұғымын коммерциялық емес салаға жатқызуға тырысуда. Әлеуметтік кәсіпкерлік – бұл экономикалық тиімділікке қол жеткізу, кәсіпкерліктегі жаңашылдықты әлеуметтік миссиямен біріктіру және әлеуметтік қызметті жүзеге асыру тәсілі.

Шетел әдебиетінде әлеуметтік кәсіпкерліктің классикалық анықтамасын Грегори Диз «Әлеуметтік кәсіпкерліктің мәні» (1998) мақаласында берген, мұнда «әлеуметтік кәсіпкерлік – әлеуметтік мақсаттарға жету немесе әлеуметтік миссияны орындау үшін дәстүрлі кәсіпкерлік тәжірибені қолдану» [1].

Әлеуметтік кәсіпкерліктің анықтамасы төңірегіндегі қарама-қайшылықтарға терең шолу жасау оның бизнестің құралдары мен принциптерін әлеуметтік салаға қолдануға немесе бизнесті әлеуметтік ерекшеліктермен қамтамасыз етуге болады деген болжамнан нақты мүмкіндікке көшкенін көрсетеді. Осы компоненттер арасындағы өзара әрекеттесу. Қазіргі әлеуметтік кәсіпкерлік көптеген адамдар үшін кәсіп болып, АҚШ, Канада және Еуропада ғана емес, Азия, Африка және Латын Америкасында да маңызды зерттеулер саласына айналуымен ерекшеленеді [2].

Бірқатар авторлар өз зерттеулерінде әлеуметтік кәсіпкерлікті нарықтағы кемшіліктерді жұмсартатын қажетті әлеуметтік өзгерістерді енгізуге қабілетті құбылыс ретінде қарастыру керек деген қорытындыға келеді. Әлеуметтік маңызды мақсаттары бар және әлеуметтік маңызды мәселелерді шешуге бағытталған ұйымдарды немесе жобаларды құру мүмкіндіктерін іске асыру үшін ресурстарды басқарудың инновациялық тәсілі ретінде, әлеуметтік кәсіпкерлік халықтың нақты әлеуметтік топтары үшін нақты өзгерістер тудыруы мүмкін үдеріс, әрекет тәсілі, әлеуметтік мәселелерді шешу әдісі ретінде халықтың, мемлекет пен бизнестің мүдделерін қамтиды [3,4].

Дүниежүзілік тарих тұрғыда әлеуметтік кәсіпкерлік өте жас құбылыс бола отырып, әлеуметтік кәсіпкерлікті көптеген зерттеушілер қазірдің өзінде мемлекеттік, жеке және қайырымдылықпен қатар экономиканың толыққанды төртінші секторы деп атайды [5].

Әлеуметтік кәсіпкерліктің мәні және оның қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуындағы ролі өте зор, сондай-ақ осы салада қолайлы бизнес-климатты құру қажеттілігімен анықталады. Оның негізгі мақсаты – елдегі әлеуметтік кәсіпкерлікті тұрақты дамуы үшін нақты жағдайлар жасау, қолда бар ресурстарды біріктіру және әлеуметтік кәсіпорындардың қызметін ынталандыру [6].

Әлеуметтік кәсіпкерлік - құндылықтары бағалайтын тұрақты және инклюзивті кәсіпкерлікті алға жылжыту үшін, ресурстарды дұрыс пайдалануды қамтиды. Әлеуметтік кәсіпкерлік жаңашыл және заманауи жағдайларға бейімделген, қоғамдағы әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталады. Сонымен, әлеуметтік кәсіпкерліктің теориясына шолу жасайтын болсақ, оның экономикалық ролі және тұрақты дамуына, стратегиялық міндеттеріне шолу жасау қажет.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері мыналар болып табылады:

- Әлеуметтік – экономикалық жүйедегі әлеуметтік кәсіпкерліктің ролі мен орнын анықтау;
- Әлеуметтік кәсіпкерліктің функцияларын талдау;
- Қазақстандағы әлеуметтік кәсіпкерліктің қалыптасуы мен даму ерекшеліктерін талдау.

Әлеуметтік кәсіпкерлікті зерттеуде негізгі мақсаты - жаңа инновациялық әлеуметтік өнімдерді құруға ықпал ету, Қазақстандағы дамушы әлеуметтік кәсіпкерлік саласын нақты мысалдармен талдау және оны дамытудың маңыздылығын дәлелдеу.

Зерттеу объектісіне әлеуметтік саланы жетілдіру мақсатында ерекше бизнес - модель құрушы, әлеуметтік маңызы бар тауарлар мен қызметтерді ұсынуға негізделген, мүгедектігі бар азаматтарды жұмыспен қамтамасыз етуші, ауқымды әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған әлеуметтік кәсіпкерлік қызметі болып табылады. Жалпы мақаланы жазу барысында мынадай мақсаттар алға қойылды: Қазақстан экономикасын дамуындағы әлеуметтік кәсіпкерліктің ролін айқындау, әлеуметтік кәсіпкерліктің жалпы қоғамға пайда келтіру бағыттарын анықтау, әлеуметтік кәсіпкерліктің кешенді функцияларын түсіндіру, мемлекеттік қолдау механизмдерін жетілдіру бағыттарын ұсыну. Мемлекет жүзеге асырып отырған әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған саясатты зерттеу мен осы саланың қазіргі жағдайын бағалай отырып, оны жетілдіру тетіктерін анықтау. Қазақстандағы әлеуметтік кәсіпкерліктің келеңсіз құбылыстарын еңсеру мен оның үдемелі дамуы үшін жаңа тетіктер қажет. Мұндай тетіктерге қолдау шаралары мен жетілдіру тұжырымдамалары жатады. Қазақстандағы әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытудағы маңызды механизмдердің бірі заңдық нормалар, қолдау шаралары және әлеуметтік жобаларды іске

қосу болып табылады. Зерттеу барысында әлеуметтік кәсіпкерліктің даму теориясын терең саралап зерттей келе, оның жаңа заманауи үлгісін, қазіргі Қазақстан экономикасына енгізу қажеттілігін көреміз. Бұл тұрғыда, Қазақстанда әлеуметтік кәсіпкерлікті ұйымдастыру арқылы осы бағыттағы мәселелерді шешу мүмкіндігін қарастыруға болады.

Әлеуметтік кәсіпкерліктің анықтамасы әдетте коммерциялық кәсіпкерлік анықтамасына негізделген, оған әлеуметтік миссия және экономикалық - әлеуметтік аспектілерді сәйкестендіру қосылады. «Кәсіпкерлік» түсінігі кәсіпкердің энциклопедиялық сөздігінде былай деп жазылған: «кәсіпкерлік» (ағылшынша *entreprise*) – пайда немесе жеке табыс алу мақсатында бағытталған, кез-келген азаматтың таңдаған өзіндік қызметі [7]. Әлеуметтік кәсіпкерлік 1970 жылдардың аяғында, жұмыссыздықтың өсуі мен экономикалық өсудің төмендеуі кезінде пайда болды. Дәстүрлі бизнес пен волонтерлік элементтерді біріктіру мүмкіндігі әлеуметтік кәсіпкерлікке тән [8]. Қазіргі уақытта әлеуметтік кәсіпкерлік Ресейде 10 жылдан астам, Қырғызстанда - 7 жылдан астам уақыт жұмыс істеп келеді. Ал, Қазақстанда ол дамудың алғашқы кезеңінде. Ресми мәліметтер бойынша, Қазақстанда 300-ге жуық әлеуметтік кәсіпкер, бейресми мәліметтер бойынша 500-ге жуық әлеуметтік кәсіпкер бар.

Әлеуметтік кәсіпкерлік тақырыбын зерттеу қажеттілігі - әлеуметтік кәсіпкерлік тұжырымдамасының жеткіліксіздігін көптеген теориялық зерттеулермен расталады. Дәстүрлі кәсіпкерліктен әлеуметтік кәсіпкерлікті ажырататын негізгі фактор - әлеуметтік мүмкіндіктер. Жүргізілген талдау нәтижесінде әлеуметтік кәсіпкерліктің негізгі ұғымдары нақтылып, әлеуметтік кәсіпорындардың сипаттамалары, ерекшеліктері, түрлері талданады.

Мақаланың өзектілігі нарықтық экономиканың дамуында шешуші рөл атқаратын қазіргі әлеуметтік кәсіпкерліктің мазмұны, құрылымдық өзгерістері мен функцияларын зерттеу қажеттілігімен байланысты. Әлеуметтік және экономикалық әсерлердің ерекше үйлесіміне ие, әлеуметтік кәсіпкерліктің маңызы зор. Әлеуметтік кәсіпкерлік әлеуметтік мәселелерді шешудің тиімді тетіктерін іздеуге, әлеуметтік шиеленісті бәсеңдетуге бағытталған, мемлекеттің кейбір функцияларын жүзеге асыруға қабілетті.

Зерттеу барысында ғылыми жаңалығы бар келесі маңызды нәтижелерге қол жеткізілді:

- 1) Әлеуметтік кәсіпкерліктің ерекшеліктері айқындалып оның әлеуметтік-экономикалық жүйедегі орны мен рөлі көрсетілді;
- 2) Әлеуметтік кәсіпкерліктің пайда болу көздері мен себептері анықталды;
- 3) Әлеуметтік кәсіпкерлік функциялары, белгілері мен критерийлері негізделді.

Тақырыптың теориялық және тәжірибелік маңыздылығы Қазақстандағы әлеуметтік кәсіпорындардың ерекшеліктерін, ролі мен функцияларын талдау, әлеуметтік кәсіпкерліктің дамуын нақты мысалдармен көрсету, ел экономикасына типізетін ролін айқындау болып табылады.

**Зерттеу әдістері.** Зерттеуді жүргізу барысында пайдаланылған әдістеме библиографиялық зерттеуге, құжаттық, сапалық, әлеуметтік кәсіпкерліктің тұрақты дамуға қалай ықпал ететінін білу үшін кейбір әлеуметтік жобалардың қызметін зерттеуге бағытталады. Әлеуметтік кәсіпкерліктің даму теориясына назар аударатын, осы мәселе бойынша әдебиеттерге шолу жасалды. Қазақстандағы әлеуметтік кәсіпкерліктің дамуын талдай отырып, оған әсер етуші факторларды анықтауға мүмкіндіктер талдау жасалды. Мақаланы зерттеу барысында алға қойылған мақсаттарға жету үшін салыстырмалы талдау және жинақтау, себеп-салдарына байланысты болжау әдістері, әдебиеттік шолу қолданылды. Теориялық ережелерді және қорытындыларды негіздеу үшін отандық және шетелдік әдебиеттер мен мерзімдік басылымдар пайдаланылды.

### **Нәтижелер.**

Қазақстанда 2021 жылғы 6 шілдеден бастап, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік, әлеуметтік кәсіпкерлік және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу

туралы» Заң қолданысқа енгізіледі [9]. Қазақстан Республикасының 2020 жылғы қорытындысы бойынша әлеуметтік кәсіпкерлердің дамуы мен жоғары сандық көрсеткіші: бірінші орында - Түркістан облысында, екінші орында – Нұр-Сұлтан қаласы, үшінші орында – Алматы облысында болып отыр [10].

Жалпы Қазақстандағы әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерін тіркеудің алғашғы жұмысын 2019 жылы ҚР - ның Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі жүргізген. Анықталған есептемелерге сәйкес, 2019 жылы Қазақстандағы әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілернің саны – 152 субъекті. Қазақстанда 2021 жылдың шілде айы есебі бойынша салық жеңілдіктерін пайдаланушы әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері – 105 кәсіпорын болып отыр. 2021 жылы алғаш рет «Әлеуметтік кәсіпкерлік» ұғымы енгізілді. «Әлеуметтік кәсіпкерлік» туралы Заң 1 қаңтар 2022 жылдан бастап күшіне енді. Бұл Заң жобасы қабылданғанға дейін, заңды қабылдауға дайындық жұмыстары жүргізіліп, әлеуметтік кәсіпкерлердің реестрін құру тәртібі, әлеуметтік кәсіпкерлік статусын берудегі өңірлік комиссияларды құру тәртібі мен олардың жұмыстары, әлеуметтік кәсіпорындарды құрудағы басты талаптар мен әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдауды іске асырудың тәртібі дайындалды.



Сурет 1 – Әлеуметтік кәсіпкерлік пен кәсіпорынның түбегейлі ерекшеліктері

Австралияда, Ұлыбританияда, АҚШ-та, Канадада және басқа да елдерде «әлеуметтік кәсіпорын» термині өткен ғасырдың соңғы жылдарында пайда болды, ол коммерциялық модель ретінде ұйымдастырылып, әлеуметтік кәсіпкерлік: қонақ үйі, экология, өнер және басқа секторларда өркендей бастады. 2010 жылы Австралияда әлеуметтік кәсіпкерліктің белсенділігіне талдау жасалаған. Жүргізілген сауалнамаға әртүрлі нарықтардағы 20 мың әлеуметтік кәсіпорындар қатынасып, қорытындысында бұл саланың ұлттық ЖІӨ-нің екі-үш пайызын құрайтындығы анықталған. (Барракет және т.б., 2010) [11-12].

Еуропа елдерінде мұндай әлеуметтік бағыттағы бизнес-жобалар ондаған мың, олардың ЖІӨ-дегі үлестік салмағы 8-10 пайызды құрайды [13].





Сурет 2 – Әлеуметтік мақсаттарға жету немесе әлеуметтік миссияны орындау Ескерту – Авторлармен құрастырылған

Кез-келген елдің экономикасы үшін әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытудың пайдалы тиімділігі: әлеуметтік жағдайларды шешу, жаңа немесе бұрын қолданыста болмаған экономикалық ресурстарды іздеу, қоршаған ортаны ластау мәселесін қарастыру, жұмысбастылықты арттыру, аз қамтылған отбасылардың санын азайту, мүгедектігі бар тұлғаларды жұмыспен қамту, балалар тәрбиесі мен денсаулығын жақсарту және т.б. Осы тұрғыда әлеуметтік кәсіпкерлікте инновациялық идеяларды жүзеге асыру қажет болады.

Біріншіден, әлеуметтік кәсіпкер инновацияларды енгізу арқылы бұрын талап етілмеген ресурстарды шоғырландыра отырып, ел экономикасына оң әсер етеді. Екіншіден, әлеуметтік кәсіпкерлер өз идеяларын іске асыру үшін инвестиция салуға және тәуекелге дайын, бұл олардың қызмет ауқымының өсуіне ықпал етеді. Үшіншіден, әлеуметтік кәсіпорын - өзін-өзі ақтауға және қаржылық тұрақтылыққа ұмтылады, бұл елдің стратегиялық дамуы мен бюджетіне жағымды әсер етеді [14].

**Талқылау.** Қазақстанда әлеуметтік кәсіпкерліктің даму барысы тек заң шығарумен шектелмеуі тиіс. Әлеуметтік кәсіпкерліктің тиімділігі - әлеуметтік күрделі мәселелерді шешу деңгейімен тікелей байланысты. Әлеуметтік сала ел экономикасында зор сұранысқа ие, сондықтан осы саланы дамыту қажеттілігі туындайды. Аталған әлеуметтік күрделі мәселелердің басым бөлігі, біріншіден, жекелеген әлеуметтік салаларының (білім, денсаулық, мәдениет, спорт, жұмыссыздықтың азаюы, кәсіпкерлік т.б) дамуына, екіншіден мүгедектігі бар азаматтарға арналған өнімдер өндірісін дамыту мен шығаруға мүмкіндік береді. Жалпы алғанда, еліміздің әлеуметтік кәсіпкерлік саласында мүгедектігі бар азаматтарға арналған өнімдер өндірісін дамыту, ішкі нарықтағы сұранысты қамтамасыз етуге көмектеседі.

Қазақстанда әлеуметтік кәсіпкерлік саласында мүгедектігі бар азаматтарға арналған өнімдер өндірісін дамыту мен осы өнімдердің сұранысын қанағаттандыруда төмендегідей шарттар мен факторларды айта аламыз:

- жаңа өндірістік цехтарды ашу;
- мүгедектігі бар азаматтарға арналған өнімдерге сұраныстың өсуі;
- мүгедектігі бар азаматтарға арналған өнімдер өндірісін дамытудың ресурстық-технологиялық негіздері (протездік-ортопедиялық өндіріс мен қызметі, сурдотехникалық құралдар өндірісі мен қызметі, тифлотехникалық құралдар өндірісі мен қызметі, міндетті гигиеналық құралдар өндірісі, жеке көмекшінің қызметтері, ымдау тілі маманының қызметтері, санаторлық-курорттық емдеу қызметі, кресло-арбалар өндірісі мен қызметі және т.б.).

Қазақстанда мүгедектігі бар азаматтарға арналған өнімдер өндірісі мен осы саладағы сервистік қызмет, әлеуметтік мәселелердің екінші бағыты бола отырып, осы саладағы қиындықтарды азайтуға мүмкіндік береді.



Сурет 3 – Қазақстанда тіркелген 2015 – 2020 жылдар бойынша мүгедектер саны, адам Ескертпе –ҚР ҰСБ мәліметтері негізінде автормен құрастырылған

Қазақстанда тіркелген 2015 – 2020 жылдар бойынша мүгедектігі бар адамдар саны 2015 жылы – 637217 адам болса, соның ішінде 18 жасқа дейінгі жасөспірімдер саны – 75712 адам, 2016 жылы – 651924 адам болса, соның ішінде 18 жасқа дейінгі жасөспірімдер саны – 79662 адам болған. Ал 2017 жылы – 662544 адам болса, соның ішінде 18 жасқа дейінгі жасөспірімдер саны – 83462 адам, 2018 жылы бұл көрсеткіш – 680025 адам, соның ішінде 18 жасқа дейінгілер саны – 86956 адамды құрайды. 2019 жылы – 695253 адам болса, соның ішінде 18 жасқа дейінгі жасөспірімдер саны – 91573 адам, 2020 жылы бұл көрсеткіш – 695131 адам, соның ішінде 18 жасқа дейінгілер саны – 94660 адамды құрайды. Бұл көрсеткіштерден Қазақстандағы мүгедектігі бар азаматтар санының жылдан – жылға көбейіп келе жатқандығын көреміз. Соның ішінде 18 жасқа толмаған жасөспірімдердің де санының жоғарылап келе жатыр.



Сурет 4 – Қазақстанда тіркелген 2015 – 2020 жылдар бойынша мүгедектігі бар 18 жасқа дейінгі жасөспірімдердің пайыздық өсім көрсеткіштері, %

Ескертпе –ҚР ҰСБ мәліметтері негізінде автормен құрастырылған

Қазақстанда мүгедектігі бар азаматтарға арналған өнімдер өндірісі мен осы саланың сервистік қызметі, осы бағытта тауарлы өнімдер дайындауға мүмкіндік беру мен сервистік қызметтің дамуын жетілдіру, әлеуметтік кәсіпкерліктің негізгі факторы бола алады. Қазақстандағы мүгедектігі бар азаматтарға арналған өнімдер өндірісі мен осы тауарлардың сервистік қызметін дамыту жобалары - әлеуметтік кәсіпкерлік аясында шешуге мүмкіндіктер береді. Өнімдер мен қызметтер сұранысын қанағаттандыру, арқылы мүгедектігі бар азаматтарға арналған импорттық өнімдерді, отандық өнімдерге ауыстыру арқылы бәсекеге қабілеттілікті арттырып қана қоймай, осы салада қызмет көрсетуші шағын кәсіпорындарды дамытуға ықпал етеді.

Қазақстанда мүгедектігі бар азаматтарға арналған өнімдер өндірісін екі негізгі бағытта дамыту ұсынылады: мүгедектігі бар азаматтарға арналған өнімдер шығару (протездік-ортопедиялық өндіріс, сурдотехникалық құралдар өндірісі, тифлотехникалық құралдар өндірісі, міндетті гигиеналық құралдар өндірісі, кресло-арбалар өндірісі және т.б.) және мүгедектігі бар азаматтарға арналған тауарларға сервистік қызметтер көрсету (протездік-ортопедиялық, сурдотехникалық және тифлотехникалық құралдарды, кресло-арбаларларды жөндеу қызметі, мүгедектігі бар азаматтар үшін жеке көмекшілерді, ымдау тілі маманын дайындау және оқыту).

Мүгедектігі бар азаматтарға арналған өнімдер өндірісінің дамуы және өндіріс туралы шешім маңызды факторларға тәуелді. Мұндай факторларға келесілерді жатқызуға болады:

- өңірде шикізатқа қолжетімдік немесе өңдеуші кәсіпорындарды қажетті шикізатпен сенімді қамтамасыз ететін көлік инфрақұрылымының болуы;
- ішкі нарықты дамыту, экспорт және халықаралық нарықтағы бәсекелестіктің мүмкіндігін жоғарлату;
- өндірістік технология мәселелерін шешу;
- мемлекеттік деңгейде қажетті қаржыландыру;
- олардың әрқайсысы бойынша жоспар құрылуы қажет.

Қазіргі уақытта мүгедектігі бар азаматтарға арналған өнімдер өндірісі мен осы тауарлардың сервистік қызметі - әлеуметтік өнеркәсіпті дамытудың ажырамас бөлігі. Осы әлеуметтік өндірістің дамуы үшін тек нормативтік құжаттар мен қаржыландыру механизмін әзірлеу ғана емес, халықаралық конгресс, форум, тәжірибе алмасу және ақпаратпен алмасу үшін арнайы алаңдарды ұйымдастыру қажет.

Мүгедектігі бар азаматтарға арналған өнімдер өндірісіндегі жүзеге асыру үшін, өндірістік зертхана мен әлеуметтік өндіріске арналған ғимараттарды жеңілдікпен беру қажет. Осыны ескере отырып, авторлық тұжырымдамалар келесідей дәлелдемелерге саяды:

- 1) Әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту қажеттілігін Республика шеңберінде жетілдіру;
- 2) Еліміздің әлеуметтік кәсіпкерлік саласында мүгедектігі бар азаматтарға арналған өнімдер өндірісін дамыту мен ішкі нарықтағы сұранысты қамтамасыз етуді жетілдіру;
- 3) Осы саланы қаржыландыру механизмдерін әзірлеу;
- 4) Халықаралық конгресс, форум, конференциялар ұйымдастыру арқылы, тәжірибе мен ақпарат алмасудың арнайы алаңдарын ұйымдастыру.

Қазақстан Республикасы өңірлері бойынша әлеуметтік кәсіпкерлікті қаржылық қолдау шеңберін жетілдірудің көптеген аргумені бар.

Біріншіден, Қазақстан экономикасында әлеуметтік кәсіпкерлік - әлеуметтік мәселелерді шешудің аса қажетті саласы болып табылады. Екіншіден, әлеуметтік орта мен әлеуметтік өнім өндірудің ортақ нарығын қалыптастырады. Үшіншіден, бұл сала шаруашылық субъектілердің экономикалық қарым-қатынасының жиынтығы ретінде түсіндіріледі.

Әлем экономикасындағы әлеуметтік кәсіпкерліктің даму көрсеткіштерін сипаттайтын жиынтық үлесті бағалайтын болсақ, мынадай ерекшеліктерді көреміз. Бүкіл әлемдегі әлеуметтік кәсіпкерлер санының көбеюі - әлеуметтік проблемаларды шешуге көмектеседі. Бірақ әлемнің қай елдерінде даму өсімі туралы деректер аз. Бұл мәселені шешу үшін Thomson Reuters қоры Deutsche Bank-тің CSR Made for Good global enterprise бағдарламасымен бірігіп, 2016 жылы әлеуметтік кәсіпкерлер үшін ең үздік елдер бойынша алғашқы жаһандық сарапшылардың сауалнамасын жүргізіп, ол кеңінен пікірталас тудырды [15].

Ресей мемлекетіндегі әлеуметтік кәсіпкерліктің дамуы - әлеуметтік бизнесті жүргізу нысандарын дамыту, халықтың әлеуметтік, мәдени және экологиялық мәселелерін шешу, халықтың ерікті (волонтерлік) секторының жұмысын дамыту болып табылады [16].

Мысалы, Алжирдің экономикасындағы әлеуметтік кәсіпорындарға талдау жасасақ, 2020 жылғы есеп бойынша соңғы үш жылда олардың өсуі терең тамыр жайған. Бұл елде әлеуметтік кәсіпорындар өнер мен қолөнерден бастап, азық-түлікпен тамақтануға дейінгі, сондай-ақ таза технологиялардан бастап, туризммен білімге дейінгі бірқатар бағыттар бойынша белсенді жұмыстар жүргізіп жатқандығы анықтаған [17].

Греция мемлекетіндегі әлеуметтік кәсіпкерліктің дамуына талдау жасайтын болсақ, кооперативтер, әлеуметтік кәсіпорындар мен экономикадағы басқа да ұйымдар - Грекияның кедейлік пен жұмыссыздық сияқты кейбір маңызды мәселелерін шешуге және егде жастағы адамдарға, мүмкіндігі шектеулі адамдарға қолдау көрсетуге көмектеседі [18].

Қазіргі есеп бойынша Ұлыбританияда 100 мың әлеуметтік кәсіпорын жұмыс істейді, олар экономикаға £60 млрд. үлес қосып, 2 млн. адамға жұмыс беруші кәсіпорындар. Әлеуметтік кәсіпорындар Ұлыбритания экономикасының мынадай секторында: тұтыну, тауарлар мен қызметтер өндірісі, жоғары сапалы мемлекеттік қызметтер, шығармашылық агенттіктер, өнер ұйымдары, пайдалы жобалар, қалдықтарды басқару, өңдеу және т.б. қызметтерде жұмыс атқаруда. Сонымен қатар, қоғамдағы медициналық қызмет көрсетуші кәсіпорындардың үштен бір бөлігі - әлеуметтік кәсіпорындар болып табылады. Соңғы зерттеулер бойынша, әлеуметтік кәсіпорындар - даму мен инновацияларды, теңсіздікті азайтуды, жұмыс орындарын құру мен неғұрлым инклюзивті экономика құруда дәстүрлі бизнесті басып озып отыр [19].



Social Enterprise UK (SEUK- бұрынғы атауы Social Enterprise Coalition) — 2002 жылы сәуірде Ұлыбританияда құрылған қоғамдық компания [20]. Ол Ұлыбританиядағы әлеуметтік кәсіпкерлік қозғалысы үшін ұлттық мүшелік және адвокаттық орган ретінде қызмет етеді.

Қазақстан Республикасы бойынша «Әлеуметтік кәсіпкер» статусын алушы азаматтар санаты 8 негізгі категориялардан тұрады. Ол келесі кестеде берілген.

Кесте 1. Қазақстан Республикасы бойынша «Әлеуметтік кәсіпкер» статусын алушы азаматтар санаты

№	Қазақстан Республикасы бойынша «Әлеуметтік кәсіпкер» статусын алушы азаматтар санаты
1.	Мүгедектер (1,2,3 – ші топтағы), мүгедек баланы тәрбиелеп отырған ата-аналар және басқа да заңды өкілдер
2.	зейнеткерлер және зейнеткерлік жас алдындағы азаматтар (жасына байланысты зейнетақы төлемдерін алуға құқық беретін жас басталғанға дейін бес жыл ішінде)
3.	жиырма тоғыз жасқа дейінгі балалар үйінің тәрбиеленушілері және балалар үйлерінің, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектеп-интернаттардың түлектері
4.	қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінен жазасын өтеуден босатылған адамдар-босатылғаннан кейін он екі ай ішінде
5.	белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдар
6.	аз қамтылған, көп балалы немесе толық емес отбасыларға жататын ата-аналар және басқа да заңды өкілдер, сондай-ақ «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр Ана» атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған көп балалы аналар
7.	наркологиялық науқастарды медициналық-әлеуметтік оңалтудан немесе психикаға белсенді әсер ететін заттарға байланысты емдеуден өткен адамдар-оңалту немесе емдеу жүргізілгеннен кейін он екі ай ішінде
8.	қандастар

Дереккөз: авторлар дереккөз негізінде құрастырған [9].

Заң шеңберінде Қазақстан Республикасы бойынша «Әлеуметтік кәсіпкер» статусын алушы азаматтар санаты - әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері төрт санатқа бөлінген. Ол келесі кестеде берілген.

Кесте 2. Қазақстан Республикасы бойынша «Әлеуметтік кәсіпкер» санаттары бойынша субъектілер

Санаттар бойынша субъектілер	Қазақстан Республикасы бойынша «Әлеуметтік кәсіпкер» санаттары бойынша субъектілер
1 -ші санаттағы субъектілері	ата-аналары және мүгедек баланы тәрбиелеп отырған басқа да заңды өкілдері; зейнеткерлер мен зейнеткерлік жас алдындағы азаматтар (жасына байланысты зейнетақы төлемдерін алуға құқық беретін жас басталғанға дейін бес жыл ішінде); балалар ауылдарының тәрбиеленушілері және балалар үйлерінің, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектеп-интернаттардың жиырма тоғыз жасқа дейінгі түлектері; қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінен жазасын өтеуден босатылған адамдар - босатылғаннан кейін он екі ай өткен соң; табысы аз, көп балалы немесе толық емес отбасыларға жататын ата-аналар және басқа да заңды өкілдер, сондай-ақ «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған немесе бұрын «Батыр Ана» атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен марапатталған көп балалы аналар; оңалту немесе емдеу жүргізілгеннен кейін он екі айдан соң наркологиялық науқастарды медициналық-әлеуметтік оңалтудан немесе психобелсенді заттарға байланысты емдеуден өткен адамдар сияқты санаттағы адамдардың қандастар
2-ші санаттағы субъектілері	1 – ші санатқа жататын азаматтарға тауарларды өндіретін, қызметтер мен жұмыстарды көрсететін субъектілері
3-ші санаттағы субъектілері	мүгедектерге арналған, олардың тіршілік әрекетінің шектеулерін еңсеруге немесе орнын толтыруға мүмкіндік беретін жағдайлар жасау үшін, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген басқа адамдарға арналған, қоғамдық пайдалы қызметке қатысу үшін басқа азаматтармен тең мүмкіндіктер жасау үшін тауарлар өндіру, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асырушы субъектілер
4-ші санаттағы субъектілері	отбасын нығайтуға, балалардың отбасылық тәрбиесін қамтамасыз етуге және ана мен баланы қолдауға бағытталған психологиялық-педагогикалық және өзге де қызметтерді көрсету бойынша; балалардың демалысын және сауықтырылуын ұйымдастыру бойынша; мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыру бойынша; мүмкіндіктері шектеулі балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау, негізгі орта және жалпы орта білім берудің оқу бағдарламаларын меңгеруде, дамуда және әлеуметтік бейімделуде және т. б. қиындықтарға тап болған білім алушылар мен тәрбиеленушілерге медициналық және әлеуметтік көмек көрсету бойынша қызметтерді жүзеге асырушы субъектілер

Дереккөз: авторлар дереккөз негізінде құрастырған [9].

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің мәліметтерінде көрсетілген 2022 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімі төмендегідей болып отыр [21].

Кесте 3. ҚР-дағы 2022 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің санаттары бойынша бөлінуі

ҚР- дағы 2022 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің санаттары бойынша бөлінуі	саны	%
Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің жалпы саны	25	100
Соның ішінде:		
1- ші санатқа жататын әлеуметтік кәсіпкерлер	11	44
2- ші санатқа жататын әлеуметтік кәсіпкерлер	1	4
3- ші санатқа жататын әлеуметтік кәсіпкерлер	5	20
4- ші санатқа жататын әлеуметтік кәсіпкерлер	3	12
1-4 - ші санатқа жатпайтын әлеуметтік кәсіпкерлер	5	20

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика министрлігі [21].

Жалпы тіркелген әлеуметтік кәсіпкерлер саны – 25 субъекті, оны 100% деп алсақ, соның ішінде: 1- ші санатқа жататын әлеуметтік кәсіпкерлер саны – 11, яғни 44%, 2 - ші санатқа жататын әлеуметтік кәсіпкерлер – 1 кәсіпкер, 4%, 3 - ші санатқа жататын әлеуметтік кәсіпкерлер саны-5 кәсіпкер, 20%, 4 - ші санатқа жататын әлеуметтік кәсіпкерлер -3 кәсіпкер, 12%-ды құрайды және 1-4 - ші санатқа жатпайтын әлеуметтік кәсіпкерлер саны 5 субъекті, 20%-ды құрайды.



Сурет 5 – ҚР-дағы 2022 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің санаттары бойынша бөлінуі  
Дереккөз: Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика министрлігі [21].

ҚР-дағы 2022 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің ұйымдастырылу құрылымы төмендегі кестеде берілген.

